СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



**Жақсылық ҮШКЕМПІРОВ,** ***Қазақстанның Еңбек Ері:***

# «МЕНІҢ ЖЕТІСТІГІМДІ ҚАЙТАЛАҒАН ЖОҚ»


zangazet@mail.ru

# ЗАҢ газеті

WWW.ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет №24 (3149) 2 сәуір 2019


«БІ
ҚҰ
ҚҰ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТӘРБИЕНІҢ ДІҢГЕГІ – ТІЛ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Жастардың білімге құштарлығы» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Жиында студенттер тақырыпқа орай өз пікірлерін білдіріп, жаһандық ілгерілеудегі жастардың рөліне қатысты ұсыныстарын айтты.

Қазіргі жаһандану заманы жастардан терең білім мен біліктілікті талап етуде. Озық елдердің қатарына қосылу үшін жастардың әлеуеті жоғары, қабілеті мықты, ең бастысы, еліне деген сүйіспеншілігі терең болуы керек. Өйткені, елдің болашағы – жастар. Сондықтан, талаптың өсуі өте орынды. Мұндай табысқа ұлттық тәрбие арқылы жетсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары, болашақ маманды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Осыған орай, жоғары мектептердің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын санаға сіңіру міндет. Қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу, жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру да маңызды. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың қолынан келгенше үлес қосуы – тәрбиенің басты шарттарының бірі.

Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтатын болсақ, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Биология және биотехнология факультетінің студенттері де білім көкжиегін кеңейтіп, өзге елдермен терезесі тең, білікті маман атану үшін үнемі ізденіс үстінде жүреді. Осы дөңгелек үстел барысында студенттер әлемді мойындату үшін қандай қадамдар жасау керектігін талқыға салды. Өркениет көшіне бет бұрған елде ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің қозғаушы күші білім екенін айтқан білімгерлер өз ұстанымдарымен бөлісті.

**Г.АТАНБАЕВА,**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және битехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы б.ғ.к.**
**А.ЖУНИСЖАН,**
**биотехнология кафедрасының оқытушысы**